**Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын анықтау және Аққайың аудандың мәслихат депутатын сайлау бойынша сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайларды беру туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайын аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 25 ақпанда N 52 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 2 наурызда N 13-2-128 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі N 242 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 12 қыркүйектегі N 242 Қаулысымен (бірінші ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі)

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық Заңы 28-бабының 4, 6-тармақтарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығып қалғанның орнына № 147, № 148 сайлау учаскелері бойынша аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың Аққайың ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орны 1-қосымшаға келісті анықталсын.

2. Шығып қалғанның орнына № 147, № 148 сайлау учаскелері бойынша аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен Аққайың ауданының аумағында кездесуі үшін шарттық негізде 2-қосымшаға келісті үй-жайлар берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Н.З. Телтаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Р. Елубаев*

*«КЕЛІСІЛДІ»:*
*Аққайың аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Н. Телтаев*

Аудан әкімдігінің
2011 жылғы 25 ақпандағы
№ 52 қаулысына
1-қосымша

## Шығып қалғанның орнына № 147, № 148 сайулау учаскелері бойынша аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарының тізбесі

| Елді мекен атауы | Орналастыру орны |
| --- | --- |
| Смирново селосы | Аққайың аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі ғимараты жанындағы аумақта ақпараттық стенд, Народная көшесі, № 37 |
| | Аққайың аудандық кітапхана ғимаратың жанындағы аумақта ақпараттық стенд, Зеленая көшесі, № 7 |

Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 52 қаулысына 2-қосымша

## Шығып қалғанның орнына № 147, № 148 сайулау учаскелері бойынша аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар тізбесі

| Елді мекен атауы | Кездесу өткізу орны |
| --- | --- |
| Смирново селосы | Аққайың аудандық орталық аурухана, Молодежная көшесі, № 6 |
| | Смирново № 3 мектебі, спорт залы, Пушкин көшесі, 24 а |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК